



"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 27 қараша N 1261

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы

Осы Заң мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының (бұдан әрі - Қор) құқықтық жағдайын, құрылу және қызмет ету тәртібін, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу талаптарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агент банк - Қормен агенттік келісім негізінде кредиторларға кепілдік төлемдері жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қызметін көрсететін банк;

2) кепілдік төлемі - Қордың мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған бойда осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттармен сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;

3) міндетті сақтандыру шарты - сақтанушының міндетті сақтандыру туралы заң актісі негізінде сақтандыру ұйымымен жасаған шарты;

4) қатысу шарты - Қор мен сақтандыру ұйымының арасында осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттармен жасаған сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне

қ а т ы с у

ш а р т ы ;

5) өтініш беруші - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген заңды тұлға не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде Қорға міндетті қатысу көзделген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алуға ниет білдірген сақтандыру ұйымы;

6) кредитор - мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілдік төлемін алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы);

7) міндетті жарналар - сақтандыру ұйымының Қорға сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысқаны үшін төлейтін ақша сомасы;

8) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын, оған қатысты мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген сақтандыру ұйымы;

9) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесі - осы Заңда көзделген, сақтандыру ұйымын - қатысушыны мәжбүрлеп тарату кезінде міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушылардың (сақтандырылушылардың, пайда алушылардың) құқығын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені;

10) сақтандыру ұйымы-қатысушы - Қормен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шартын жасаған сақтандыру ұйымы;

11) уәкілетті мемлекеттік орган - сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

12) шартты міндеттемелер - сақтандыру ұйымының - қатысушының Қор алдындағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қалыптасатын міндеттемелері;

13) төтенше жарналар - сақтандырушы ұйымдардың-қатысушылардың кепілдік төлемдерін жүзеге асыруға байланысты Қордың қарыз алып пайдалануын өтеу үшін Қорға төлейтін ақша сомасы.

2-бап. Қор туралы заңдар

Қор туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен , "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан , осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Қордың кепілдері

Қор сақтандыру ұйымын - қатысушыны мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде, осы Заңда белгіленген тәртіппен кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөнінде міндеттемелер қабылдайды.

2-тарау. Қор құру және оның қызметі

4-бап. Қор құру тәртібі және оның органдары

1. Қор осы Заңға, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына және Қордың құрылтай құжаттарына сәйкес құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қордың құрылтайшысы болып табылады.

3. Қордың органдарын қалыптастыру тәртібі және құзыреті Қазақстан Республикасының заңдарында және Қордың құрылтай құжаттарында белгіленеді.

5-бап. Қордың негізгі міндеті және функциялары

1. Қордың негізгі міндеті сақтандыру ұйымын - қатысушыны мәжбүрлеп тарату кезінде кредиторлардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау болып табылады.

2. Қор негізгі міндетті орындау үшін мынадай функцияларды:

- 1) осы Заңға сәйкес кепілдік төлемдерін жүзеге асыру;
- 2) сақтандыру ұйымдарының - қатысушылардың міндетті жарналарын тарту;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен инвестициялық қызметті жүзеге асырады.

3-тарау. Қорға қатысу тәртібі

6-бап. Қатысу шартын жасау

1. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда, осыған сәйкес өтініш беруші сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына Қорға қатысуға қажетті лицензия алу үшін Қормен қатысу шартын жасауға тиіс.

2. Өтініш беруші қатысу шартын жасау үшін Қорға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш берушіні мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі;
- 2) өтініш берушінің статистикалық карточкасының нотариат куәландырған көшірмесі;
- 3) өтініш беруші жарғысының нотариат куәландырған көшірмесі.

3. Қатысу шартының нысаны, мазмұны және талаптары Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарының және осы Заңның талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7-бап. Қатысу шартының міндетті талаптары

Қатысу шартында мынадай міндетті талаптар болуы тиіс:

- 1) тараптардың толық атауы, олардың тұрған жері және банктік деректемелері туралы мәліметтер;
- 2) шарттың осы Заңға сәйкес мәні туралы нұсқауы;

- 3) тараптардың осы Заңға сәйкес құқықтары мен міндеттері;
- 4) міндетті және төтенше жарналарды төлеу, сондай-ақ шартты міндеттемелерді қалыптастыру тәртібі;
- 5) кредиторға кепілдік төлемдерінің мөлшерін белгілеу мен жүзеге асыру талаптары мен тәртібі;
- 6) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен жасалған міндетті сақтандыру шартының аяқталмаған қолданылу мерзіміне міндетті сақтандыру шарттарын жасау тәртібі және талаптары;
- 7) кепілдік төлемдерін жүзеге асырудан бас тарту жағдайлары мен негіздемелері;
- 8) кредитор құқығының мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндеттемелерін орындайтын Қорға өтуі туралы талаптары;
- 9) қатысу шартын тоқтату талаптары;
- 10) тараптардың қатысу шартын бұзғаны үшін жауапкершілігі туралы талаптары.

8-бап. Қатысу шартын тоқтату

Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, қатысу шарты сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес сақтандыру ұйымына Қорға қатысу және міндетті сақтандыру шарттарының осы лицензиясы негізінде жасалған іс-қимылдарды тоқтату міндеті жүктелген сақтандыру сыныптарын алып тастаған жағдайда тоқтатылады.

9-бап. Міндетті және төтенше жарналар және оларды төлеу тәртібі. Қордың қарыз алуы

1. Сақтандыру ұйымы - қатысушы мөлшері, төлеу тәртібі және мерзімі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін міндетті жарналар төлеуге міндетті.

2. Қордың кредиторларға кепілдік төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті қаражаты жетіспеген жағдайда, Қор заемдар тартуға құқылы.

3. Сақтандыру ұйымы - қатысушы Қордың талап етуі бойынша кепілдік төлемдерді жүзеге асыруға байланысты Қордың қарыздарын өтеу үшін төтенше жарналар төлеуге міндетті.

Қор төтенше жарналардың мөлшерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімін уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып белгілейді.

4. Сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру сақтандыру ұйымын-қатысушыны міндетті және төтенше жарналар төлеуден босатпайды.

5. Сақтандыру ұйымын - қатысушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап ол міндетті және төтенше жарналар төлеуден босатылады.

10-бап. Шартты міндеттемелерді қалыптастыру

1. Сақтандыру ұйымы - қатысушы шартты міндеттемелерді уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және мөлшерде қалыптастыруға және есебін жүргізуге міндетті.

2. Сақтандыру ұйымының - қатысушының қалыптасқан шартты міндеттемелері мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарттарының аяқталмаған кезеңіне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасына азайтылады.

11-бап. Міндетті және төтенше жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындамау

1. Міндетті немесе төтенше жарналарды төлемеген, уақтылы төлемеген не толық көлемде төлемеген жағдайда, Қор жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру ұйымының - қатысушының осы Заң бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы туралы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті.

2. Уәкілетті мемлекеттік орган Қордан сақтандыру ұйымының - қатысушының міндетті және төтенше жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамауы туралы хабарлама алған кезде мұндай сақтандыру ұйымына Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген санкциялар және өзге ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

4-тарау. Кепілдік төлемдері және өзге де қорғау шаралары

12-бап. Кепілдік төлемін жүзеге асыру негіздемелері және тәртібі

1. Сақтандыру ұйымын - қатысушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап кредиторда Қордан кепілдік төлемін жүзеге асыру жөнінде талап ету құқығы туындайды.

Бұл орайда, кредиторлар мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемін төлеуден заңсыз бас тартқанда не уақтылы төлемегенде, оның ішінде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қайтарып алуға және оны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енгенге дейінгі кезеңде де міндетті сақтандыру шарттары бойынша барлық басталған сақтандыру жағдайлары бойынша кепілдік төлемдерін алуға құқылы.

2. Қор кепілдік төлемін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған міндетті сақтандыру түрі бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен, шекте және мерзімде төлейді не кепілдік төлемін төлеуден бас тартады.

Кепілдік төлемі кредитор шеккен моральдық зиянның, жіберілген пайданың орнын, сондай-ақ міндетті сақтандыру шарты бойынша тұрақсыздық айыбын өтемейді.

3. Міндетті сақтандыру шарты бойынша Қордың кепілдік төлемімен өтелмеген кредитордың шығынын кредитор мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымынан Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жеке өндіріп алуы м ү м к і н .

4. Кредиторда кепілдік төлемін жүзеге асыру жөнінде Қордан талап ету құқығы туындаған кезде, кредитор Қорға жазбаша өтініш беруге құқылы.

Өтінішке сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде шешім қабылдауға қажетті міндетті сақтандыру туралы заң актісінде көзделген құжаттар қоса берілуі тиіс.

5. Кредиторларға кепілдік төлемі кредитордың банктік есепшотына қолма-қол жасалмайтын нысанда не қолма-қол ақшамен тікелей Қор немесе агент банк арқылы төленеді .

6. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторына кепілдік төлемін төлеген күннен бастап кредитордың міндетті сақтандыру шарты бойынша құқықтары жүзеге асырылған кепілдік төлемі көлемінде Қорға ауысады.

Қор өзіне ауысқан кредитордың талап ету құқығын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына (бұдан әрі - тарату комиссиясы) ұсынады.

13-бап. Сақтанушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша тәсілдері

1. Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру жағдайы басталмаған және қолданылу мерзімі аяқталмаған міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтанушы тізілімге мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымын тарату туралы жазба енгізілгенге дейін көрсетілген шарттың аяқталмаған қолданылу мерзіміне міндетті сақтандыру шартын жасау үшін сақтандыру ұйымына-қатысушыға өтініш ж а с а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Мұндайда сақтанушы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымымен жасалған міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын толық төлемеген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру ұйымына-қатысушыға сақтандыру сыйлықақыларын және өзге де төлемдерді төлемейді.

Сақтандыру ұйымы-қатысушы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушысы мен міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандыру ұйымы-қатысушы міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша Қазақстан Республикасының заң актісінде көзделген көлемде осындай шарт бойынша ж а у а п к е р ш і л і к а т қ а р а д ы .

2. Сақтандыру ұйымы-қатысушы міндетті сақтандыру шартының аяқталмаған кезеңіне мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен шарттар жасауға, егер осы шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасы сақтандыру ұйымы-қатысушы қалыптастырған шартты міндеттемелердің мөлшерінен а с қ а н ж а ғ д а й д а , қ ұ қ ы л ы е м е с .

3. Сақтандыру ұйымы-қатысушы мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шартының аяқталмаған қолданылу мерзіміне осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайда міндетті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға Қордың келісімі бар болғанда ғана құқығы.

4. Соттың сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы заңды күшіне енген шешімінің көшірмесін алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қор Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылатын мемлекеттік және орыс тілдерінде мерзімі басылымға басталған сақтандыру жағдайлары бойынша мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдік төлемдерді жүзеге асыру туралы хабарды, сондай-ақ мекен-жайларын көрсете отырып, сақтанушылар мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шартының аяқталмаған қолданылу кезеңіне жаңа міндетті сақтандыру шартын жасау үшін өтініш жасауға құқылы сақтандыру ұйымдарының-қатысушылардың тізбесін жариялайды.

14-бап. Қордың кепілдік беруін тоқтату

Қордың кепілдік беруі мынадай жағдайларда:

- 1) осы Заңға сәйкес кепілдік төлемін жүзеге асырғанда;
- 2) міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 3) сақтандырушымен басқа сақтандыру ұйымымен-қатысушымен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының бұрын жасалған шартының аяқталмаған қолданылу кезеңіне жаңа міндетті сақтандыру шартын жасағанда;
- 4) мемлекеттік тізілімге мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымын тарату туралы жазба енгізілгенде тоқтатылады.

5-тарау. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесі қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

15-бап. Қордың құқықтары мен міндеттері

1 . Қ о р :

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен міндетті және төтенше жарналар төлеуді талап етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымын тарату ісіне қатысуға және сотқа тарату комиссиясының құрамына өз өкілін кіргізуге өтініш беруге;
- 3) тарату комиссиясынан және кредитордан Қордың міндеттерін іске асыруға қажетті ақпарат беруді талап етуге;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органнан сақтандыру ұйымдарының-қатысушылардың қаржылық жай-күйі, сақтандыру ұйымы-қатысушы жасаған міндетті сақтандыру шарттарының саны туралы және сақтандыру құпиясы және Қазақстан Республикасының заң актілері сақтайтын басқа құпиясы бар мәліметтерді қоспағанда,

өзге де қажетті ақпаратты сұратуға;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісінде көзделген жағдайларда кредиторға кепілдік төлемін жүзеге асырудан бастартуға құқылы.

2. Қ о р :

1) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес Қорға қатысу міндеті жүктелген сақтандыру ұйымымен қатысу шартын жасауға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен активтерді қаржы құралдарына инвестициялауға;

3) уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен, көлемде және мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға өзінің қызметі туралы қаржылық есеп беруге;

4) қатысу шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына-қатысушыларға өзінің жылдық балансын және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп беруге;

5) мерзімді баспасөз басылымдарына өзінің жылдық балансын жариялауға;

6) сақтандыру ұйымдарының-қатысушылардың міндетті және төтенше жарналар төлеу тәртібін, сондай-ақ олардың шартты міндеттемелер қалыптастыруын бақылауды жүзеге асыруға;

7) осы Заңда көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы міндеттемелері бойынша кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыруға;

8) сақтандыру ұйымдарының өздеріне мәлім болған Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарын бұзу фактілері жөнінде уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етуге;

9) кредиторға кепілдік төлемінің жүзеге асырылғаны туралы тарату комиссиясына хабарлауға міндетті.

3. Қордың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады және өзге де міндеттерді атқарады.

16-бап. Сақтандыру ұйымының-қатысушының құқықтары мен міндеттері

1. Сақтандыру ұйымы-қатысушы:

1) өзінің сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы ақпаратты таратуға;

2) Қордан кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыруға қатысты ақпарат алуға;

3) Қордың жылдық балансын және қаржы-шаруашылық қызметінің, нәтижелері туралы есеп беруді Қордан талап етуге құқылы.

2. Сақтандыру ұйымы-қатысушы:

1) міндетті және төтенше жарналарды төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шартты міндеттемелерді қалыптастыруға;

2) жасалған міндетті сақтандыру шарттарының саны және олар бойынша төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы туралы ақпаратты қатысу шартына сәйкес Қорға ұсынуға;

3) өзінің төлем жасау қабілетсіздігі туралы және уәкілетті мемлекеттік органның санкциялар қолдану фактілері туралы қатысу шартына сәйкес Қорға хабарлауға;

4) Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісіне сәйкес сақтандыру ұйымына Қорға қатысу міндеті жүктелетін сақтандыру сыныптарын сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан шығарып тастау туралы қатысу шартына сәйкес Қорға ескертуге;

5) сотқа мәжбүрлеп тарату туралы талап-арыз берілгендігі туралы, сондай-ақ соттың сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы шешімінің қабылданғаны туралы қатысу шартына сәйкес Қорға ескертуге;

6) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен жасалған міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпаратты қатысу шартына сәйкес Қорға және тарату комиссиясына беруге міндетті.

3. Сақтандыру ұйымының-қатысушының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады және өзге де міндеттерді атқарады.

17-бап. Тарату комиссиясының құқықтары мен міндеттері

1. Тарату комиссиясы:

1) Қордан мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыру туралы хабарлама алуға;

2) сақтандыру ұйымдарынан-қатысушылардан мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтанушыларымен жасалған міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат алуға құқылы.

2. Тарату комиссиясы:

1) құжаттардың көшірмелерін және үзінділерін алу құқығын бере отырып, Қордың уәкілетті өкілдерінің тарату барысына қатысты ақпаратты және құжаттаманы алуын қамтамасыз етуге;

2) өзінің кредитор алдындағы міндеттемелерінің тоқтатылғаны туралы Қорға шұғыл түрде хабарлауға;

3) міндетті сақтандыру шарттарын жасауға қатысты Қор сұратқан ақпаратты және құжаттарды беруге міндетті.

3. Тарату комиссиясының Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады және өзге де міндеттерді атқарады.

18-бап. Кредитордың құқықтары мен міндеттері

1. Кредитордың:

1) Қордан кепілдік төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асыруды талап етуге;

2) сақтандыру ұйымдарынан-қатысушылардан мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру

ұйымымен жасалған міндетті сақтандыру шартының аяқталмаған қолданылу мерзіміне міндетті сақтандыру шартын жасауды талап етуге;

3) тарату комиссиясынан талаптарды Қордан алынған кепілдік төлемінен асатын мөлшерде қанағаттандыруды талап етуге құқығы бар.

2. К р е д и т о р :

1) Қорға Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актісінде көзделген, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және міндетті сақтандыру шарты бойынша шығындардың мөлшерін растайтын құжаттарды ұсынуға;

2) Қордың оған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ауысқан кредитордың құқықтарын іске асыруына қажетті барлық құжаттарды беруге міндетті.

3. Кредитордың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтары болады және өзге де міндеттерді атқарады.

6-тарау. Өтпелі және қорытынды ережелер

19-бап. Қордың қызметін мемлекеттік реттеу

1. Қордың қызметін мемлекеттік реттеуді және бақылауды уәкілетті мемлекеттік о р г а н жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Уәкілетті мемлекеттік орган Қорға және оның лауазымды тұлғаларына Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен санкциялар және өзге де ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

3. Уәкілетті мемлекеттік орган:

1) осы Заң бойынша Қордың және сақтандыру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) қатысу шартының нысанын бекітеді;

3) міндетті жарналарды төлеу тәртібін, мөлшерін және төлеу мерзімдерін, сондай-ақ шартты міндеттемелерді қалыптастыру тәртібін белгілейді;

4) төтенше жарналарды төлеу тәртібін, мөлшерін және төлеу мерзімдерін келіседі;

5) Қордың активтерін инвестициялау тәртібін белгілейді;

6) Қордың қаржылық және өзге де есебінің көлемін, тәртібін және ұсыну мерзімдерін белгілейді.

20-бап. Қордың, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі, қордың іс-әрекетіне шағым жасау

1. Қор өз міндеттемелерін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік атқарады.

2. Кредитор Қордың, сақтандыру ұйымының-қатысушының және тарату комиссиясының іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

3. Қордың лауазымды тұлғалары және қызметкерлері оларға өздерінің

функцияларын жүзеге асыру барысында сақтандыру ұйымдарының қызметі туралы барлық мәлім болған ақпаратты тек қана қызметтік мақсатта пайдалануға міндетті және алынған мәліметтерді заңсыз жария еткені үшін жауапкершілік атқарады.

21-бап. Сақтандыру ұйымдарының жауапкершілігі

Сақтандыру ұйымдары осы Заңның талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапкершілік атқарады.

22-бап. Заңды қолданысқа енгізу

1. Осы Заң 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес лицензиаттардың Қорға қатысу міндеті көзделген міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары Қор құрылған күннен бастап бір ай ішінде Қормен қатысу шартын жасауға міндетті.

3. Сақтандыру ұйымдары осы баптың 2-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензияны қолдануды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен тоқтатуға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті